

"Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1508 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 136 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.06 № 1026 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.08.06 № 1026 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қазақстан	Республикасы	
Үкіметінің		
2010 жылғы	31	желтоқсандағы
№ 1508	қаулысымен	
бекітілген		

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы

қорытындылар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 N 348 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. «Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызметін 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі», 14-кіреберіс мекенжайы бойынша, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.e.gov.kz немесе «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 651-бабының 3-тармағына, «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабына және «Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1265 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) интернет-ресурсында: www.mtc.gov.kz;

2) ресми ақпарат көздерінде, уәкілетті орган ғимаратында орналасқан стенділерде, үлгілері бар ақпараттық тақталарда;

3) порталда орналастырылады.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты call-орталығының 1414 немесе 8 (7172) 74-06-85 телефоны арқылы алуға болады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің (бұдан әрі – КЖ) техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды (бұдан әрі – қорытынды) беру не уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ)

куәландырылған электрондық құжат түріндегі мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Уәкілетті органға қағаз жеткізгіштегі қорытындыны алу үшін жүгінген жағдайда қорытынды электрондық форматта ресімделеді, басып шығарылады, уәкілетті орган ведомствосының мөрімен расталады.

6. Мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға көрсетіледі (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар).

7. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде;

2) құжаттарды тапсырғанға дейін рұқсат етілген ең ұзақ күту уақыты – 15 м и н у т ;

3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ у а қ ы т ы – 1 5 м и н у т .

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Ж ұ м ы с к е с т е с і :

1) уәкілетті органда демалыс және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, кезек тәртібімен к ө р с е т і л е д і ;

2) порталда – тәулік бойы.

10. Мемлекеттік қызметті ұсыну орындарында қажетті құжаттар тізбесі және оларды толтыру үлгілері бар стенділер, мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпарат болады. Физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлар көзделген, сондай-ақ отыратын орындар бар.

Порталда мемлекеттік қызмет алушының «жеке кабинетінде» ұсынылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін мыналарды ұ с ы н а д ы :

у ә к і л е т т і о р г а н ғ а :

1) осы стандартқа 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша толтырылған с а у а л н а м а - ө т і н і ш ;

2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) т у р а л ы а н ы қ т а м а н е к у ә л і к ;

3) жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

4) КЖ функционалдық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерінің сипаттамасы;
5) «Салық инспекторының жұмыс орны» модулін пайдалану жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ ;

6) банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда қолданылатындарды қоспағанда, КЖ орнату және іске қосу жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ ;

7) КЖ құрамына кіретін және ақпараттық процеске (ҚР СТ МЕМСТ Р ИСО/МЭК 15408-2006 «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық технологиялар қауіпсіздігін бағалау критерийлері») қатысатын фискалдық режимнің, фискалдық жадының техникалық және бағдарламалық құралдарының ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі сертификаты;

8) банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда қолданылатындарды қоспағанда, компьютер жүйесінің функционалдық көшірмесін қамтитын электрондық ақпараттық жеткізгіш;

9) алушының өкілі жүгінген кезде – уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжат және өкілдікке өкілеттікті куәландыратын құжат.

Жеке басын куәландыратын құжаттарды, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы не куәлікті, өкілдікке өкілеттікті куәландыратын дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (нотариалды куәландырылған жағдайда) ұсыну онда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды тұлғалардың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алуға болатын жағдайларда
т а л а п
е т і л м е й д і ;

п о р т а л д а :

1) осы стандартқа 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түріндегі сауалнама-өтініш;

2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не куәлік;

3) жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

4) КЖ функционалдық мүмкіндіктері мен ерекшеліктерінің сипаттамасы;

5) «Салық инспекторының жұмыс орны» модулін пайдалану жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ ;

6) банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда қолданылатындарды қоспағанда, КЖ орнату және іске қосу жөніндегі
н ұ с қ а у л ы қ ;

7) КЖ құрамына кіретін және ақпараттық процеске (ҚР СТ МЕМСТ Р ИСО/МЭК 15408-2006 «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпараттық технологиялар қауіпсіздігін бағалау критерийлері») қатысатын фискалдық режимнің, фискалдық жадының техникалық және бағдарламалық

құралдарының ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі сертификаты.

Алушы банктерде және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда қолданылатындарды қоспағанда, компьютер жүйесінің функционалдық көшірмесін қамтитын электрондық ақпараттық жеткізгішті уәкілетті органға пошта арқылы жібереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың не куәліктің, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мәліметтерін уәкілетті орган уәкілетті лауазымды тұлғалардың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады.

Осы тармақтың 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды уәкілетті органға немесе портал арқылы ұсыну осы стандартқа 3-қосымшада белгіленген мәліметтер нысаны түрінде жүзеге асырылады.

12. Осы стандарттың 11-тармағының 1) тармақшасында көзделген өтініш-сауалнама бланкілері уәкілетті органның стендінде немесе Министрліктің интернет-ресурсында: www.mtc.gov.kz орналастырылады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу үшін электрондық құжат нысанындағы сұрау салу толтырылады.

13. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті құжаттар: 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі», 14-кіреберіс, 746-кабинет мекенжайы бойынша уәкілетті органның кеңсесіне пошта арқылы жіберіледі не қолма-қол ұсынылады.

Порталға жүгінген кезде электрондық сұрау салу жіберуді мемлекеттік қызметті алушы «жеке кабинетінен» жүзеге асырады. Сұрау салу таңдалған қызметке сәйкес адресатқа – мемлекеттік органға автоматты түрде жіберіледі.

14. Құжаттар уәкілетті органның кеңсесіне қолма-қол тапсырылған жағдайда, лауазымды тұлға мемлекеттік қызметті алушының ілеспе хатының көшірмесіне қабылдаған күнін және мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызметті алатын күнін көрсете отырып, құжаттарды қабылдағаны туралы мөр қояды. Құжаттарды пошта арқылы жіберген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы құжаттардың қарауға қабылданғаны және мемлекеттік қызметті алу күні туралы уәкілетті органның кеңсесінен 8 (7172) 74-03-64 телефоны арқылы біле алады.

Портал арқылы жүгінген кезде «жеке кабинетке» алушының мемлекеттік қызмет нәтижесін алатын күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті ұсыну үшін сұрау салуды қабылдау туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі алушыға:

1) уәкілетті органда – 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі», 14-кіреберіс мекенжайы бойынша қолма-қол (алушының не өкілдің өзі келуі), алушының «жеке кабинетіне» немесе мәлімдей

отырып, тапсырыс хатпен пошта арқылы;

2) порталда – алушының «жеке кабинетіне» жеткізіледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай жағдайларда бас тартылады:

1) құжаттарды ресімдеуде қателердің анықталуы;

2) құжаттардың тиісінше ресімделмеуі;

3) компьютер жүйесінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1265 қаулысымен бекітілген Бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру қағидаларында белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келмеуі туралы актінің берілуі;

4) «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабында көзделген негіздер бойынша.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті алушыларға қатысты адамның конституциялық құқықтарын, қызметтік міндеттерді атқару кезінде заңдылықты сақтау, сыпайылық, толық ақпарат беру, оның сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа алады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның немесе Министрліктің қызметкері 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі», 14-кіреберіс, 746-кабинет мекенжайы, телефоны: 8 (7172) 74-03-64, факс: 8 (7172) 74-03-64 бойынша уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіреді және шағым дайындауға көмек көрсетеді.

21. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым жазбаша түрде пошта арқылы не қолма-қол осы стандарттың 20-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшылығының атына демалыс және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін беріледі.

22. Қызмет дөрекі көрсетілген жағдайда шағым уәкілетті органның уәкілетті лауазымды адамына: 010000, Астана қаласы, Сол жағалау, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі», 14-кіреберіс, 757-кабинет, электрондық мекенжайы: m.k.smagulov@mtc.gov.kz мекенжайы бойынша беріледі.

Уәкілетті органның жұмыс кестесі: демалыс және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мереке күндерінен басқа, күн сайын сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін.

23. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым жазбаша түрде еркін нысанда жасалады.

25. Шағымды қабылдау кезінде оның көшірмесіне жауап алу мерзімі мен орны, шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетіле отырып мөр қойылады.

26. Ұсынылатын мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсынан: www.mtc.gov.kz алуға болады.

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 1-қосымша

Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды

Астана қ. 201__ ж. «__» _____

1. Өтініш беруші _____

2. Өтініш берушінің орналасқан жері _____

_____ облысы _____ қаласы

_____ ауданы _____ көшесі _____ үй

Инсталляция пакеті жасалған күн _____
КЖ _____ әзірлеушісі _____ орналасқан _____ жер
_____ облысы _____ қаласы
_____ ауданы _____ көшесі _____ үй

Өтініш беруші жоғарыда аталған КЖ-нің мынадай талаптарға сәйкес
е к е н і н _____ р а с т а й д ы :

нақты тіркелген КЖ-да фискалдау режимін сипаттау жүзеге
асырылады (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

серверді пайдаланушыны сәйкестендіру операциялық жүйе (ОЖ)
деңгейінде жүзеге асырылады (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз
етіледі), атап айтқанда _____

КЖ пайдаланушыларын сәйкестендіру дерекқорын басқару жүйесі
(ДҚБЖ) деңгейінде жүзеге асырылады (иә/жоқ, қандай құралдармен
қамтамасыз етіледі) _____

парольді таңдаған жағдайда серверге қол жеткізуді бұғаттау
(иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

Парольдің қолданылу мерзімі (күндер саны):
пайдаланушының _____ 8 белгіден кем емес

жүйе әкімшісі _____
дерекқор әкімшісі _____

Парольдің ең төменгі ұзындығы (нышандар саны):
пайдаланушы үшін _____

жүйе әкімшісі үшін _____
дерекқор әкімшісі үшін _____

КЖ-да парольдің күрделілігін тексеру (цифрлар мен арнайы
нышандарды міндетті пайдалану) (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз
етіледі) _____

КЖ парольдің ұзындығын автоматты бақылауды қамтамасыз етеді
(иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

КЖ бірдей есептік жазбамен екі және одан көп пайдаланушының
серверлік және клиенттік қосымшасына қосылу мүмкіндігін болдырмайды
(иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

қосымшаларды пайдаланушылардың КЖ-ға қосымшаның өзінен айырмасы бар құралдармен қосылудың мүмкін болмауы (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

пайдаланушылардың КЖ-дағы ақпаратқа ДҚБЖ құралдарымен қол жеткізу құқықтарын шектеу (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

әрбір операция пайдаланушы, күні мен уақыты бойынша сәйкестендіріледі (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

әрбір операция бірізді бірегей нөмірмен бірмәнді айқындалады (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

КЖ мынадай құрылымды білдіреді:
клиент-сервер, хост-терминал (керектісін сызу қажет)
кез келген ақпарат КЖ-ға тек қосымшаның көмегімен енгізіледі (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

КЖ-ға енгізілген және клиенттік тарапта орналасқан ақпаратты операция басталғаннан кейін әртүрлі құралдармен түзету мүмкіндігінің болмауы (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

қате енгізілген операция «масақ» операциясын жүзеге асыру жолымен түзетіледі (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

соңғы пайдаланушы өзі орындайтын функциялар шеңберінде ғана КЖ-ға қол жеткізу құқығына ие (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

қосымша әкімшілері, ДҚБЖ және операциялық жүйелерінің әкімшілері арасында құқықтарды бөлу (әкімшілердің әрекетін регламенттейтін актілерді көрсету қажет) _____

аудит журналдары әкімшілік құқықтармен және пайдаланушылық құқықтармен пайдаланушылардың барлық әрекетін автоматты түрде белгілейді (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____

аудит журналдары пайдаланушылардың барлық әрекетін автоматты

құжаттамада компьютерлік жүйені фискалдау жөніндегі толық рәсімдерінің болуы (иә/жоқ) _____;

«Салық инспекторының жұмыс орны» модулінде КЖ фискалдық режимін іске асыру (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____;

фискалдық деректерге қол жеткізу үшін криптографиялық кілттер қалыптастыру режимін іске асыру (иә/жоқ, қандай алгоритмдер мен стандарттар пайдаланылады) _____;

фискалдық есептерді әрі қарай дайындау үшін ауысым жабылған уақытта деректерді сақтау кезінде криптографиялық функцияларды КЖ-да іске асыру (иә/жоқ, қандай алгоритмдер мен стандарттар пайдаланылады) _____;

«Салық инспекторының жұмыс орны» модулінде фискалдық есептер қалыптастыруды іске асыру (иә/жоқ, қандай құралдармен қамтамасыз етіледі) _____;

«Салық инспекторының жұмыс орны» модулін пайдалану жөніндегі құжаттаманың болуы (иә/жоқ) _____;

(Өтініш берушінің немесе оның басшысының Т.А.Ә.) Қолы
М.О.

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына
3-қосымша

Мәлімет нысаны

1. Жалпы ақпарат

1. Өтініш беруші _____

2. ЖСН/БСН _____

3. Атауы _____

4. Ұсынылған құжаттар: _____

«Салық инспекторының жұмыс орны» модулін пайдалану жөніндегі

Н ұ с қ а у л ы қ

_____ (иә/жоқ)
Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда қолданылатындарды қоспағанда, компьютер жүйесін орнату және іске қосу жөніндегі нұсқаулық _____ (иә/жоқ)

Уәкілетті орган ведомствосының кіріс хатының нөмірі _____ (иә/жоқ)
Уәкілетті орган ведомствосының кіріс хатының күні _____ (иә/жоқ)

2. КЖ сипаттамасы

5 . К Ж а т а у ы _____ (иә/жоқ)

Н ұ с қ а с ы _____ (иә/жоқ)

К Ж ә з і р л е н г е н к ү н _____ (иә/жоқ)

Инсталляция пакетінің көлемі _____ (иә/жоқ)

Инсталляция пакетінің жасалған күні _____ (иә/жоқ)

Т і р к е у к ү н і _____ (иә/жоқ)

Мәліметтердің өзгеру күні _____ (иә/жоқ)

3. Сәйкестік сертификаты

6. Аккредиттелген сынақ зертханасының сынақ хаттамасының нөмірі

Аккредиттелген сынақ зертханасының сынақ хаттамасының күні

Сынақ зертханасының атауы

Сертификаттың нөмірі

Сертификаттың берілген күні

«Бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютер жүйесінің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындылар беру» мемлекеттік қызмет көрсету стандартына 4-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткішінің мәндері

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылда нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақтылылығы			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызметті ұсыну сапасына және оны ұсыну тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Ақпаратқа электрондық форматта қол жеткізуге болатын қызметтердің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК